

«Қаратөбе негізгі орта мектеп»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ӘЛЕУМЕТТІК ПЕДАГОГТЫҢ ЖЫЛДЫҚ ЕСЕБІ.

Орындаған :  М.Абенова.

2025-2026 оқу жылы.

Қаратөбе негізгі орта мектебінің 2025-2026 оқу жылындағы әлеуметтік педагогтың

жылдық есебі.

2025-2026 оқу жылының жұмыс жоспары, мектептің әлеуметтік паспорты жасалынды. Тамыз айында мектепке жол акциясы өткізіліп, әлеуметтік мәртебесі бар 7 оқушыға аудандық білім бөлімінен қаржылай көмек, 2 оқушыға мектепке қажетті оқу құралдары алынып берілді. Жалпы суммасы 369324 теңге көлемінде қаражат жұмсалынды. Мектеп әкімшілігі және қамқоршылық кеңес мүшелерімен бірлесіп, ыстық тамақ ішетін әлеуметтік мәртебесі бар оқушылар тізімі анықталды. Мектебімізде 88 оқушы бар. Оның ішінде- 38 қыз бала, 50 ұл бала бар. Әлеуметтік деңгейдегі балалар төмендегідей:

Жартылай жетім балалар саны-3.

Көп балалы отбасынан шыққан балалар саны-26.

Тұрмысы төмен аз қамтылған оқушылар саны-10

Мүгедек үйде оқитын оқушылар саны-2.

Ыстық тамақ ішетін оқушылар саны

бастауыштар- 46 оқушы, әлеуметтік мәртебесі


бар 5 оқушы тамақтанады.

Осы айтылған мәліметтер АББ-не өткізілді.



Зкм қашықтықтан қатынап оқитын оқушылар тегін көлікпен қамтамасыз етілген. Жалпы тасымалданатын оқушылар саны-65. Мектепке жаңадан келген оқушыларға жүргізілген диагностикалық жұмыстың нәтижелері сынып жетекшілеріне таныстырылды.

Оқу жылының басында мектептің кітапхана қорындағы оқулықтар есебінен әлеуметтік статустағы оқушылар тегін оқулықтармен қамтамасыз етілді. Оқушылардың құқын қорғау бағыты бойынша ата-аналармен бірлесе отырып оқушылардың арасында бала құқығы бойынша түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Әлеуметтік статусы бар балалардың отбасына тексеру жүргізіліп, актілер толтырылды.



Қараша айында отбасылық құндылықтар негізі тақырыбында мектептің мұғалімдері және мектеп психологымен бірлескен тренинг сабақ өткізілді. «Бала құқығының сақталуы ел ертенін нығайту» барысында білім және ғылым саласындағы жаңалықтар туралы 9-сыныптарға түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

7-9 сынып оқушыларынан «Отбасы және менің көзқарасым» тақырыбында сауалнамалар алынып, диагностикасы жүргізіліп анықтамасы жасалынды.

Оқушылар өз құқықтарын білу және қорғай алу үшін «Менің құқығым» тақырыбында сауалнамасы алынды.

Қаңтар айында мектептің әлеуметтік паспорты қ а й т а жасалынды.

Мектебімізде 88 оқушы бар. Оның ішінде- 50 қыз бала, 38 ұл бала бар. Әлеуметтік деңгейдегі балалар төмендегідей:

Жартылай жетім балалар саны-3.

Көп балалы отбасынан шыққан балалар саны-26.


Тұрмысы төмен аз қамтылған оқушылар саны-10

Мүгедек үйде оқитын оқушылар саны-2.

Ыстық тамақ ішетін оқушылар саны

бастауыштар- 46 оқушы, әлеуметтік мәртебесі



бар 5 оқушы тамақтанды.



Зорлық-зомбылыққа байланысты 5-9 сыныптар арасында Буллинг және кибербуллинг туралы іс-шара өткізілді. Іс-шараға мектептің тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, мектеп психологы және әлеуметтік педагог бірлесіп, буллинг туралы сауалнамалар алынып видео роликтер көрсетілді. Буллинг сөзінің мағынасын ашу, таныту. Жасөспірімдер арасындағы қорлау, мазақтау, намысқа тию жағдайларын алдын алу. сынып ұжымын сыйластыққа, бір-біріне қолдау көрсете білуге тәрбиелеу. Оқушылар тренингтен алған әсерлерін ақ парақшаларды ұшақ етіп жасап, бір-біріне тілек жазып берді.



Мен және менің дінге көзқарасым тақырыбында 7-9 сыныптар арасында сауалнамалар алынып, қорытындысы шығарылып анықтама жазылды. Дін мен шариғат жөнінде ауданның бас имамы келіп оқушыларға түсіндіріліп, жеткізді.



Әр адам қоғам үшін пайдалы болуы қажет дөңгелек үстелі болып өтті. Сыныптар арасында өз-өзіне қол жұмсауға байланысты сауалнамалар, түсінік жұмыстары жүргізілді. Оқушылардың жаман әдеттерден аулақ болу керектігі айтылып, өмірдегі түрлі қиындықтарды жеңе білуге, әлсіз болмауға шақырдық.

Жоспарға сәйкес «Бақытты ел -отбасынан басталады» тақырыбында ата-аналармен бірлесіп дөңгелек үстел жүргізілді.Сабақтың мақсаты: өзінің қайталанбас тұлға екенін сезіндіру. Адам бойындағы жақсы қасиеттерді көру, адами құндылықтарын бағалау.Бір-бірімен қарым-қатынастарын жақсарту, оларды адамгершілікке, мейірімділікке тәрбиелеу, өз-өзіне сенімділігін арттыру.



Наурыз айында Қош келдің Әз Наурыз атты мерекесін атап өту жоспары бойынша Наурыз-мейірімділік мекені атты іс-шараға байланысты қайырымды ұлт-қайырымдылық акциясы өткізілді.Акцияға 7-8-9 сынып оқушылары катысып қарттардың үйіне барып көмек көрсетіліп, сый-сияпаттар берілді.Қарттарымыз өз ризашылығын жеткізді. Қазақтың ұлттық мейрамы ораза айында ауданымыздың мектеп басшыларының демеушілігімен Қаратөбе ауылында 3 отбасыға көмек берілді. Ата-аналар демеушілік көрсеткен мектеп басшыларына үлкен алғыстарын жеткізіп, ризашылықтарын білдірді.





Мектебімізде әлеуметтік қолдау көрсету мақсатында жеке кәсіпкер тарапынан 12 оқушыға қайырымдылық көмек көрсетілді. Кәсіпкер аз қамтылған және көп балалы отбасыдан шыққан оқушыларға спорттық киімдер, сыртқы жеңіл күртеше және аяқ-киім табыстады. Көрсетілген көмек оқушылар мен ата-аналар тарапынан үлкен алғысқа ие болды. Осындай игі істер жас ұрпаққа қамқорлық көрсетіп, мейірімділік пен жанашырлықтың үлгісі болып табылады.



Мамыр айында әлеуметтік мәртебесі бар оқушыларды жазғы сауықтыру лагерге баратын оқушылар тізімі қамқоршылық кеңес шешімімен бірлесіп анықталды. Әлеуметтік мәртебесі бар 8 оқушы анықталып, құжаттары жинақталып білім бөліміне өткізілді. Жалпы қала сыртындағы жазғы сауықтыру лагеріне 2025-2026 оқу жылында 8 оқушы демалып қайтатын болды.

Әлеуметтік педагог:

М.Абенова